

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 350 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығы . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 19 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1367. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 қаңтардағы N 13 (V053426) бұйрығымен.

Білім алушылардың құқын және мүмкіндіктерін одан әрі кеңейту мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 350 бұйрығымен бекітілген "Жоғары кәсіби білім беретін білім беру орындарында білім алушыларды қайта алу және ауыстыру тәртібі туралы" бұйрыққа келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары кәсіби білім беретін білім беру орындарында білім алушыларды қайта қабылдаудың және ауыстырудың тәртібі
т у р а л ы

Е р е ж е г е :

1 - б ө л і м і н і ң :

4 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші абзацында "білім беру ұйымының біреуінен екіншісіне" деген сөздер
а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

екінші абзац "курста" деген сөзден соң "академиялық қарызы, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін" сөздерімен толықтырылсын;
келесі мазмұнды абзацпен толықтырылсын:

"Қысқы емтихандық-сынақ сессиясын табысты тапсырғаннан соң бірінші курстың білім алушыларының бір ұйымнан екінші ұйымға ауысуға құқы бар";

5 - т а р м а қ т а :

"Білім алушының" сөздерінің алдында "Күндізгі және сырттай оқу түрінде"
с ө з д е р і м е н

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

келесі мазмұнды абзацпен толықтырылсын:

"Сырттай оқу түрінде білім алушының қайта қабылдауға немесе ауысуға байланысты өтініші білім беру ұйымының басшысымен кезекті емтихандық-сынақ сессиясының басталуына дейін қаралады";

2 - б ө л і м д е :

7-тармақта "бес" сөзінің алдында "міндетті түрде" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

келесі мазмұндағы 9-1 және 9-2 тармақтарымен толықтырылсын:

"9-1. Ақысын төлемегендіктен немесе оқу төлемақысына қарыздар болғандықтан семестр барысында оқудан шығарылған ақылы негізде білім алушылардың, ақысын төлеген немесе қарызын жойған уақыттан оқуға қайта қабылдануына құқы бар .

9-2. Егер білім алушы басқа білім ұйымына қайта қабылданып жатса, білім алушы бұрын оқыған білім беру ұйымының басшысы қабылдаушы жағының жазбаша өтініші негізінде, өзінде академиялық анықтаманың көшірмесін, оқу карточкасын, сынақ кітапшасын, студенттік билетін және жіберілген құжаттардың тізбесін қалдырып, студенттің жеке құжаттарын жібереді.";

3 - б ө л і м д е :

12-тармақта "Білім алушылардың" сөздері алдында "Мемлекеттік емес оқу орындарында мемлекеттік білім гранттары мен несиелері бойынша оқитындардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

келесі мазмұндағы 14-1 тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Жоғары оқу орнын қаражаттандыру көлемін нақтылау мақсатында мемлекеттік білім тапсырысы негізінде білім алушыларды 13, 14-тармақтарға сәйкес бір білім ұйымынан басқасына ауыстырғанда, қабылдаушы жағының басшысы білім беру саласының орталық орындау органына білім алушыны қабылдау жөніндегі бұйрығының көшірмесін, оның оқуға қабылданғаны және шығарылғаны туралы бұйрықтың көшірмесін бірге жібереді";

18-тармақтың 2-тармақшасы келесі сөздермен толықтырылсын:

"Бұл жағдайда білім алушының өтінішіне ғылыми кеңестің шешімімен бірге оқудан шығарылған мемлекеттік білім гранты иесінің және бос орынға ауыстырылатын мемлекеттік білім несиесі иесінің куәліктері, ауыстырылатын студенттің сынақ кітапшасының көшірмесі қоса беріледі";

19-тармақтың 2-тармақшасы келесі мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"Бұл жағдайда білім алушының өтінішіне ғылыми кеңестің шешімімен бірге, оқудан шығарылған мемлекеттік білім несиесі иесінің куәлігі, ауыстырылатын студенттің сынақ кітапшасының көшірмесі қоса беріледі";

келесі мазмұндағы 19-1 тармақпен толықтырылсын:

"19-1. Сол мамандыққа мемлекеттік білім гранттары мен несиелері түріндегі мемлекеттік тапсырыс болмаған жағдайда ақылы негізде оқитын білім алушыны 18-тармақтың 1)-5) тармақшаларында берілген тәртіппен мемлекеттік білім гранттары мен несиелері негізінде оқуға ауыстыруға болады;

21-тармақтың екінші абзацында:

екінші жолда "және" деген сөз "немесе" сөзімен ауыстырылсын;

"оқу карточкасының көшірмесі" сөздерінен кейін "сондай-ақ жоғары оқу

орнының осы мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензияның көшірмесі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Жоғары білім департаменті (Ә. Әбжаппаров) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұ с ы н с ы н .

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә. Ахметовке жүктелсін.

Министр